

4. Adalı, Adalı, Anlamak ve anlatmak. İstanbul: Pan Yayıncılık 2003:27.
5. Çongur, H. R. Söz Sanatı (VII). TÖMER Dil Dergisi, 1995b S. 36.2.
6. Türkçe Sözlük. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2005:1213
7. Fauziya Orazbaeva. Tildik Katınas. Okulık. Almatı “Sözdük-Slovar”, 2005-169
8. Murat Özbay. Gazi Üniversitesi, Gazi Eğitim Fakültesi. Türkçe Eğitimi Bölümü Başkanı. Ankara / Türkiye. 3sf
9. Sever, Sedat, Türkçe Öğretimi ve Tam Öğrenme, Anı Yay, Ankara, 1997
10. Yalçın, Alemdar, Türkçe Öğretim Yöntemleri: Yeni Yaklaşımlar, Akçağ Yay., Ankara, 2002:144
11. Budurlu, İbrahim Zeki ve İrfan Kantarcı, Ortaöğretimde Türkçe Öğretimi, Karınca Matbaacılık, İzmir, 1971
12. Yalın, H.İ. Öğretim Teknolojileri ve Materyal Geliştirme. Nobel Yayın 2006, 21

Түйін

Бұл мақалада сөйлеу дағдысына байланысты мәселелер қарастырылды. Түрік тілінің маңыздылығы ескеріле отырып сөйлеу дағдысын дамыту үшін қандай әдістерді қолданудың дұрыстығы жайында сөз етілді.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ермекова Рауза

Сулейман Демирель Университеті

Шетел тілі: екі шетел тілі

Ғылыми жетекшісі: Асоц. проф. Құрманәлі Алтыншаш

Тіл мен мәдениет өзара тығыз байланыстағы бірін-бірі толықтырар біртұтас жүйе. Сондықтан тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Халықтардың ұлттық мәдени өмірінің көрінісі олардың сөздік құрамының елеулі бөлігін қамтып тұрған фразеологиялық қорынан ерекше көрінеді. Өйткені фразеологизмдер – халықтар өмірінің айнасы. Фразеологизмдер ұлттық мәдени маңызы аса жоғары деректерден құралады. Әрбір тілде сол тілді қолданушы халықтың мәдени өмірі жайлы хабар беретін фразеологизмдер көптеп кездеседі, олардан сол халықтардың дағдылы қалыптасқан дүниетанымы, ұлттық ерекше ойлау жүйесі, түңғық терең даналығы аңғарылады. Осындай ұлттық ерекшеліктері өн бойында тұнып тұрған фразеологизмдерді ажыратып, оларға талдау жүргізіп, түсіндіру үшін сол халықтардың ұлттық мәдени негіздеріне сүйену қажет [1, 98 б.].

Тілдерді бір-бірімен салыстырып зерттеу арқылы олардың бір-бірімен ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесінің заңдылығын анықтауға, тілдің ұлттық қасиеттерін тереңірек түсінуге, фразеологияның жалпы заңдылығын ашуға болады [2, 5 б.].

Осы орайда қазіргі таңда тіл білімі ғылымының жан-жақты қарқынды дамуы байқалуда. Оның ішінде тілдің фразеологиялық бірліктерін салыстырмалы, салғастырмалы және типологиялық тұрғыдан зерттеу өрістеп келеді. Тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір сыңары саналатын фразеологизмдер ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады. Мақал-мәтелдер де фразеологизмдердің құрамына кіреді. Мақал-мәтелдер халық санасында ұзақ жылдар бойы әбден қалыптасып, орныққан, дайын тілдік бірліктер болып табылады, атап айтқанда оның компоненттердің орны тұрақты болып келеді. Мақал-мәтелдер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалатыны, құрамының тұрақтылығы ескеріледі [3, 179 б.].

Туыстық атауларға байланысты еңбектер кездеседі, алайда қазақ және түрік тілдеріндегі туыстық атауларға байланысты фразеологизмдер арнайы зерттелмеген. Әр түрлі тілдердегі туыстық атауларды байланысты фразеологизмдерді зерттеу маңызды роль атқарады. Мұндай

зерттеулер әр тілдің өзіндік туыстық жүйесін, фразеологиялық қорын, лингвомәдени ерекшеліктерін, туыстық атауға байланысты фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға, лингвомәдениеттанудың өзекті мәселелерінің басын ашуға мүмкіндік туғызады.

«Туыстық атаулар – әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түсетін тарих айнасы» [4, 105 б.].

Туыстық атаулар ұлттық болмысымыздың, ұлттық мәдениетіміздің, өзіндік ерекшелігіміздің қазынасы болып саналады. Сондықтан туыстық атаулардың мағынасындағы мәдени компоненттің алар орны да ерекше.

Зерттеу жұмысымызда қазақ және түрік тілдеріндегі туыстық атауларға байланысты фразеологизмдерді салыстыру арқылы олардың лексикалық және лингвомәдени ерекшеліктерін айқындауды көздедік.

Фразеологизмдер өз табиғатында қоршаған айналаны, дүниені қабылдауда адамның ұлттық мәдени ойлау ерекшелігін аңғартады. Рухани әлемнің үзік-үзік бөліктері сол ұлттың мәдениетінде сақталып қалады [5, 147-б.].

Көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештеген. Оны әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен інкәрліктің символы деп бағалған. Ғасырлар бойы табиғатпен астасып өмір кешкен ата-бабаларымыз сұлулық пен әсемдікті тіршіліктің күн көріс тіршілігі негізіне балап, сипаттаған. Соның ішінде тылсымға толы сырлы табиғатқа, жердің табиғи серігі ай мен әлемге, жылуы мен нұрын шашатын күнге балаған. Қазақ және түрік халықтары ана, әпке, қарындастың келбет сұлулығы мен жан сұлулығына, әсемдігіне ерекше мән берген. Күнделікті қолданыста «сұлулық» концептісін құрайтын сөздер, «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» секілді тұрақты тіркестер мен теңеулері молынан қалыптасқандығы байқалды. Оған мысал ретінде, қазақ тіліндегі «*Айдан таза, күндей нұрлы*» тіркесінің түрік тілінде «*Aydan arı, sudan duru*» тіркесімен сәйкес келіп, өте көрікті, асқан сұлу мағынасын береді. Мысал берілген қос орамды тіркестің орам құрамындағы компоненттері бір бірімен жұп құрап мағынасы және құрылымы жағынан да сәйкес келетіндігі айқындалды [6, 18 б.].

Сонымен қатар, қазақ халқы қыз баланың болашақта ару бойжеткен, адал жар, биязы келін болуын насихаттап, қызға «*қызды қырық үйден тыю, қала берсе есіктегі күңнен тыю*» керек деп есептеп, жат жұртқа баратын қыз баланы үлкен жауапкершілікпен тәрбиелеген. Ол туралы қазақ халқының дәстүрінде «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» секілді тұрақты тіркесі пайда болып, бұл тіркестің туыстас түрік тілінде ешбір өзгеріссіз пайдаланылатындығы анықталды. Түрік тілінде «*Kızım sana söylüyorum, gelinim sen dinle*» нұсқасында пайдаланып, екі тілдегі тұрақты тіркестің беретін ортақ мағынасы тәрбие берушілікке қатысты мәнімен сипатталады [6, 87 б.].

«Анасын көріп қызын ал, // аяғын көріп асын іш».

«Anasına bak kızını al, // kenarına bak bezini al».

«Түтінсіз мұржа болмас, // уайымсыз мырза болмас».

«Dumansız baca olmaz, // kaharsız koca olmaz».

«Қызым саған айтам, // келінім сен тыңда» (қазақша)

«*Kızım sana söylüyorum, // gelinim sen dinle*» (түрікше) туыстас екі тілде де қос орамды тіркестің орам құрамы үш компоненттен құралып, бір бірімен үлкен жұп құрап, мағыналық және құрылымдық жағынан сәйкес келіп тұр.

Қазақта 7 атаға дейін қыз алысуға тыйым салынған. Ағайын-туыстар жеті атаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды.

Ата-тек атауларына зер салып көрсек Халқымыз жеті атаны мына төмендегідей таратып айтқан:

Немере - ұлы мен қызынан туылған перзенті, ұл мен қызы, екінші ұрпақ.

Шөбере - немереден туылған перзент, ұл мен қызы, үшінші ұрпақ.

Шөпшек - шөбереден туылған балалар, төртінші ұрпақ.

Немене - шөпшектен туылған балалар, бесінші ұрпақ.

Туажат - неменеден туылған бала, бір атадан тараған алтыншы ұрпақ.

Жүрежат - туажаттан туылған бала, бір атадан тараған жетінші ұрпақ.

Жұрағат - жүрежаттан туылған үрім-бұтақ, әулет [7, 344-346 б.].

Туыстық қатынасты қастерлеп, оған зор мән берген халқымыз шеше жағынан тарайтын туыстарын да жиен, жиеншар, дегеншар, көгеншар, жүрежат деп бес-алты атасына дейін ұмытпайды. Туыстық атаулар номинативтік атау (*әке, шеше*, т.б.; қаратпа атау (*көке, ана*, т.б.) деп ажыратылады. Ұл жағынан тараған үрім-бұтақ атауы біраз ұрпаққа дейін барады екен: бала-немере-шөбере-шөпшек-немене-туажат-жүрежат-жұрағат.

Әр азаматтың өзінің туыстық негізін өз жұртым, қайын жұртым, нағашы жұртым деп үшке ажыратып атауы да қазақ халқына тән туыстық байланыс пен қарым-қатынасының жөн-жосығын танытатын ерекшелік.

Аталарымыз туыстық қан араласса, ұрпақ азады деп, бұл тәртіпті берік сақтаған. Кімде-кім мұны бұзса, қатаң жазаланатын болған.

Қазақы ортадағы бұл қағиданың **генетикалық** жағынан алғанда дұрыстығы анықталып отыр. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары жиылып, жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық деп боз бие шалып, баталасып, бәтуаласып қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді. Алайда, туыстығымыз жақын, тамырымыз бір түрік халқының дәл біздікіндей жеті атаға қатысты қағидалары жоқ.

Қазақ тіліндегі «*Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада*» тұрақты тіркесінің түрік тіліндегі баламасы «*Ananın gönlü yavruda, yavrunun gönlü avluda*» түрінде сипатталып, өмір шындығы ананың мейірімділігі мен сүйіспеншілігін көп кездерде балалық санамен түсіне бермейтін жас баланың ісі шала болатынын білдіреді. Берілген қос орамды тіркес тек мағыналық сәйкестігімен ғана емес, сонымен қатар құрылымдық тұрғыдан да сәйкес келіп тұр [8, 92 б.].

«Құда да тыныш, // құдағи да тыныш»

«*Alan da razı, // satan da razı*» - «алған да разы, сатқан да разы».

Келтірілген мысалдар түркі елдерінің дүниетанымы мен тілдік құрылымының сәйкес екендігін дәлелдейді. Екі мысалдың құрылымы екі компоненттен құралып, *да* жалғаулық шылауы дәнекер болып тұрғандығын аңғарамыз. Сондай - ақ, қазақ тіліндегі тыныш // тыныш, түрік тілінде *razı // razı* компоненттерінің қайталанып келуі екі тілдің сөз саптау жүйесінің бір екендігін білдіреді [8, 43 б.].

Түрік және қазақ мақал-мәтелдерінің ұқсастықтары көбінесе тура мағынасында бақыланады, осы бақылаулар, әсіресе, отбасылық, туысқандық қарым-қатынастарда жиі көрінеді. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінен мысал келтіретін болсақ:

«Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар».

«*Çocuklu ev pazar, çocuksuz ev boş mazar*».

«Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»

«*Ananın gönlü yavruda, yavrunun gönlü avluda*».

«Anasız çocuk evinde cefa, babasız çocuk pazarda zorluk çeker».

«Анасыз бала үйінде қорлық көрер, әкесіз бала базарда зорлық көрер».

«*Atalar sözünü tutmayanı yabana atarlar*».

«Аталар сөзін ұстамағандарды желге ұшырар».

«Baba olmayan, babasının kıymetini bilmez».

«Әке болмаған әке қадірін білмес».

«*Babanın borcu evlada düşer*».

«Әкенің борышы әулетінің (баласының) мойнына түсер».

«*Oğlan dayıya, kız halaya çeker*».

«Ер нағашысына, қыз әпкесіне тартар».

Жалпы ұқсастықтар, туыстық этностар және менталитеттік ұқсастықтар әлемдік құндылық көріністерінде ерекше көрінеді. Халық қызығушылығы қоғам, ру қызығушылықтары әрқашан да жеке адам қызығушылығынан биік тұрған. Осының бәрі осы халықтардың ұқсас істерінде анықталған.

«Сыйласқанға жат жақсы, жылысқанға ағайын артық» деген парема қарапайым халық арасында жиі қолданылады. Қазақта екі туыстық байланыс бар: бірі «*бірге күліп, бірге*

жыласатын» тіршіліктегі қуаныш пен қайғыны бірге көтерісетін әке жағынан туыстық, екіншісі материалдық қарым-қатынаспен байланысқан **құдалар** мен тамырлар деп бөледі.

Адамның тіршілік циклына қатысты ғұрыптар мен салттардың атқарылуында бірлік пен ынтамақтастықтың орны ерекше. «Туысы бірдің уысы бір», «Бөлінгенді бөрі жейді» деп, арадағы ұсақ-түйек дау-шар, өкпе-назды елемеуді ескертеді. **Қандастық** жақындықты сезінуде ел бірлігін, қоғам тұтастығын сақтауда туыстық ұғымының орны айрықша болған. Жоғарыда баяндалғандай, жалпы адамзаттың құндылықтары: еңбексүйгіштік, қонақжайлық, үлкенге құрмет тағы басқа ұғымдар қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде айқын көрініс тапқан.

Қорыта айтқанда, кез -келген тілдегі фразеологизмдерге салыстырмалы лингвомәдени талдау жасау тарихпен, дәстүрмен, қауымдастықтардың өмір салтының ерекшелігімен танысуды тереңдетеді, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынас барысында әр ұлттың ерекшелігін, менталитетін айқындай түседі. Шағын зерттеу жұмысымызда қазақ және түрік тілдеріндегі туыстық атауларға байланысты фразеологизмдерге салыстырмалы түрде талдау жасап, туыстас ұлттар танымдарындағы ортақ ұғымдарға ұйытқы болған фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға талпыныс жасадық. Қазақ және түрік халықтарының фразеологизмдер қазынасы күнімізге дейін жалғасып келе жатқан ортақ тілдік және мәдени құндылығымыздың бір бөлігі ретінде ортақ мәдени және тіл қазынамызды анықтауда маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құрманәлі А. Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақ мақал-мәтелдерге шолу // Академик Ә.Т.Қайдардың 85 жылдығына арналған «Этнос және тіл» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009.
2. Сабитова М. & Латыпова Р. Немісше-қазақша мақал-мәтелдер. –Алматы, 1991.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993.
4. Жолдасбек Л. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар: дисс. ф.ғ.к. – Алматы, 1998.
5. Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты, 1997.- 33б
6. Амантаева С. «Әйел» концептісінің мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерде бейнеленуі// Лингвистика мен лингводидактиканың өзекті мәселелері. –Қарағанды: «ҚарМУ», 2005.
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. 1-том.–Алматы, 2009.
8. Диуанова Р.К. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері. – Алматы, 2010. – 134 с.
9. Şükrü E. Türk Dilinin Atalar Sözü. Halk Edebiyatı Araştırmaları II. –Ankara, 1997.
10. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақал-мәтелі. –Алматы, Өлке: 2002.
11. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы, 2004.
12. Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. –Алматы, 2008.
13. Aksoy Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. –İstanbul, 1993.
14. Par A. H. Açıklamalı Atasözleri. –İstanbul, 1991